

«Аяла» санаторлық бобекжайы» КММ-сі

«Қарлығаш» ересек жас тобы

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТІ

Тақырыбы:

*«Дәстүрден тыс сурет салу
баланың ой-қиялын дамыту»*

Тәрбиеші: Саурова А.

2025 жыл

Білім беру саласы: Шыгармашылық

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Сурет салу

Такырыбы: Дәстүрден тыс сурет салу баланың ой-қиялышын дамыту.

Максаты: Сурет салудың дәстүрлі және дәстүрден тыс әдіс-тәсілдері арқылы балалардың бейнелеу өнерлеріне деген қызығушылығын ояту, балалардың бойында шыгармашылық ізденіске деген құштарлықты ояту.

Қолданатын әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету, үйрету сұрақ-жауап, дәстүрден тыс әдіс-тәсіл.

Қажетті құралдар: ақ қағаз, түрлі-түсті бояулар, макталы таяқша, губка, көк және сары түсті жіп, желім, файл, сұрткіштер.

Әрекет кезеңдер	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	<p>Жылулық шенбер Балабақша үйіміз Сені жақсы көреміз Үлкен болып өскенде, Сені еске алыш жүреміз.</p> <p>Балалар қолымызға жүрекшемізді ұстап, бір-бірімізге жүректен жүрекке жылы сөзімізді айтып шығайықшы.</p>	Тәрбиеші айтқан іс-қимыл арқылы көрсетеді
Ұйымдастыру ізденістік кезең	<p>Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілінде неше ай бар? Балалар айларды атайды.</p> <p>Балалар қыс мезгілінде қандай өзгерістер болады?</p> <p>Балалар үстел үстінде түрлі-түсті асық тұр. Енді біз әр-қайсымыз кеудемізде тағылған асықтың түстеріне қарай, сол түстеске сәйкес үстел үстіне жайғасып отырамыз. Балалар бүгін біз төрт түрлі әдіс-тәсілмен сурет салып көрсетейікші.</p> <p><i>Bірінші:</i> біз ақ қағаз бетінде күн мен бұлтыймызды желім жаға отырып, күнді</p>	Қыс мезгілі Ұш ай бар Желтоқсан, қаңтар, ақпан Қар жауады, жер мұз болады. Жылы киінеміз

	<p>сары түсті жіппен бұлтымызды көк түсті жіппен саусақтарымыздың көмегімен жіптерді жабыстыра отырып сурет салып шығамыз.</p> <p><i>Екінші түрі:</i> ақ қағаз бетіне қырқылған ағаш қағазымызды қоя отырып қоңыр түсті бояуымызға губканы батырып бастырып шығамыз. Бұтақтарына мақта таяқшалармен ақ түсті бояуға батыра отырып басып шығамыз.</p> <p><i>Үшінші әдісіміз:</i> ақ қағазымыз да бейнеленген асықтың суретін түстеріне қарай қызыл сары бояулармен саусақпен бояп шығамыз.</p> <p>Төртінші әдісіміз: файлға салынған қошқармұйізді оюмызды көк түсті бояумен саусақ арқылы шетіне шығармай бояп шығарамыз.</p> <p>Сергіту сәті Қазақша оюларды қимылмен жаса. Музыка әуенімен суреттегі оюларға қарап қимыл жасаймыз.</p>	<p>Балалар тәрбиешінің көрсетуімен сурет салады.</p>
Рефлексивті түзетуші	<p>Балалар бүгінгі біз оқу іс-әрекетінде не істедік? Біз қандай сурет салдық?</p> <p>Кыс мезгілінде неше ай бар екен?</p>	<p>Сурет салдық Күн мен бұлттың, ағаштың, асықтың, қошқар мұйізді оюдың Үш ай бар</p>

Күтілетін нәтиже:

Қайталай алады: үлгіге қарап түрлі тәсілдермен сурет салуды.

Түсінеді: Қыс мезгілінің ерекшеліктерін қолданады. Дәстүрден тыс сурет салудың түрлерін.

